



## ҚОЯН ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ БОЛАР

Қоян жылы кірсе, зілзала болар,  
қара боран соғар, жер мол өнім берер.  
Жеміс-жидек, астық көп болар.  
Басшылар арасында келіспеушіліктер болар.

Қоян жылы туған ұлдың жұлдызы ай болады.  
Оның тәні ақ, өзі жақсы адам болады,  
игілікті істер істейді. Көп жасайды, бай болады.  
Қоян жылы туған қыз орта бойлы, ақ жүзді, қолы  
ашық болады. Көп жасайды.

Дерек көзі:

**Пантусов Н.Н.** Материалы к изучению наречия таранчей  
Илийского округа. Выпуск третий. Книга о счастливых и  
несчастливых годах (таранчинский текст и русский перевод).  
Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1901. – С. 9, 16.



## ҚОЯН ЖЫЛЫ МҮНДАЙ БОЛАР

Қоян жылы нығмет көп болар, тоқшылық болар.  
Бұлақтардың көзі ашылар, су мол болар. Елде көптеген  
жақсы адамдар дүние салар, жамандар аман жүрер. Байлар  
бейнет көрер. Жауын көп болар. Қараңғылық түсіп,  
қатты жел тұрар. Керуендер сауда жасауға шығар.  
Киім-кешек, үй-жай, астық арзан болар. Малдың басы  
өсер, егін бітік шығар. Қыс жайлы болар.  
Ұл, қыз туса, әдепті, ақылды болар.  
Ақиқатын Алла жақсы біледі.

Дерек көзі:

**Щербак А.М.** Сал-наме (по рукописи В 721, хранящейся  
в рукописном отделе ЛО ИВ АН СССР) // Письменные памятники  
Востока. Историко-филологические исследования. Ежегодник 1971.  
/ Редакторы Н.А. Кукушкина и С.А. Шуйский. – М.: Наука,  
1974. - С. 171-190 (176).